

КЕЛІСІМ ШАРТ
№ _____
Қызмет көрсету туралы

Түркістан қаласы

«___» _____ 20___ жыл

Бір жағынан «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі атынан жарғы негізінде әрекет етуші университет ректоры Ж.Темирбекова (бұдан әрі «Тапсырыс беруші») және екінші жағынан _____

(бұдан әрі «Орындаушы») арасында төмендегі келісім шарт жасалды;

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Орындаушы Тапсырыс берушіге _____
(көрсетілетін қызмет түрлері нақты әрі толық көрсетіледі)

_____ қызмет көрсетуге міндеттенеді.

1.2. Тапсырыс беруші Орындаушының қызметтеріне осы Шартта белгіленген тәртіпте, уақытында және шарттарда ақы төлеуге міндеттенеді.

1.3. Көрсетілетін қызметтердің түрлерін, көрсету тәртібін және өзге де шарттарын оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шарттың №_ Қосымшасында не тапсырыс берушінің жазбаша тапсырмасында Тапсырыс беруші айқындайды.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Орындаушы міндетті:

2.1.1. Осы Шартқа №__Қосымшада көрсетілген қызметтерді және (немесе) тапсырыс беруші жазбаша түрде берген жұмыстарды толық көлемде әрі сапалы түрде және Тараптармен келісілген мерзімдерде көрсету.

2.1.2. Тапсырыс берушінің талабы бойынша және ай сайын тұрақты түрде Тапсырыс берушіге осы Шарттың орындалу барысы туралы ақпаратты ұсыну.

2.1.3. Осы Шарттың 5-бөліміне сәйкес Тапсырыс беруші ұсынатын ақпараттың құпиялылығын сақтау.

2.1.4. Осы шарттың 2.4.2 – тармағына сәйкес ай сайын Тапсырыс берушіге жұмыстардың орындалу барысы, атқарылатын/атқарылған жұмыстар туралы «АКТ» өткізуге.

Мұндай «АКТ»-ті Орындаушының қандай да бір міндеттемесін орындағанын білдірмейді.

2.1.5. Осы шарттың қосымшасына сәйкес не тікелей тапсырыс берушіден әр айдың 05 жұлдызына дейін сол айда атқарылатын жұмыстар жөнінде жазбаша түрде тапсырма алуға.

2.1.6. Шарт бойынша міндеттемесін толық аяқтағаннан кейін не тапсырыс берушінің жазбаша келісімімен әр айдың соңында орындалған жұмыстарды тікелей тапсырыс берушіге өткізу-қабылдау актісіне сәйкес тапсыруға.

2.2. Орындаушының құқығы бар:

2.2.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін Тапсырыс берушіден қажетті ақпаратты және құжаттарды ұсынуды талап ету, тапсырыс беруші ұсынған құжаттардың көшірмелерін жасауға;

2.2.2. Тапсырыс берушіден осы Шарт бойынша қызметтерді көрсету үшін қажетті шарттарды қамтамасыз етуді талап етуге;

2.2.3. Тапсырыс беруші қызметтерге ақы төлеу шарттарын бұзған жағдайда осы Шарт бойынша қызметтерді көрсетуді ақшаны алған сәтке дейін тоқтата тұруға.

2.3. Тапсырыс берушінің міндеті:

2.3.1. Жұмысты қамтамасыз етуге қажетті жағдайлар мен қызметтерді көрсету.

2.3.2. Орындаушыға осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті ақпаратты, құжаттарды, Орындаушының жазбаша сұрауларына сәйкес ұсыну.

2.3.3. Орындаушының қызметтеріне осы Шартта белгіленген тәртіпте, уақытында және мөлшерде ақы төлеу.

2.4. Тапсырыс берушінің құқығы бар:

2.4.1. Орындаушыдан Шарттың орындалу барысы туралы ақпарат беруді талап етуге.

2.4.2. Орындаушыға шарттың жалпы соммасын ай сайын бөліп төлеуге. Мұндай жағдайда Орындаушы көрсететін қызметтерінің/міндеттемелерінің орындалу барысының жай-күйі туралы «АКТ» (жазбаша ақпарат) беруге міндетті. Алайда, бұл «АКТ» алыс-беріс, өткізу-қабылдау «АКТ»-не жатпайды және Орындаушының өз міндеттемелерін (ішінара немесе толық) орындағандығын білдірмейді.

2.4.3. Орындаушыдан нақты орындалған жұмыстарды талап етуге және орындалған жұмысты алыс-беріс, өткізу-қабылдау «АКТ»-не (қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің және жұмыс беруші актілерінің талаптарына сәйкес) сәйкес қабылдауға.

2.4.4. Орындаушыға осы шартпен көзделгеннен басқа да тапсырмалар беруге.

2.4.5. Орындаушы өз міндеттемелерін немесе тапсырыс берушінің тапсырмаларын орындамаған не тиісті түрде орындамаған жағдайда қызметіне ақы төлеуден бас тартуға және шартты мерзімінен бұрын бұзуға/тоқтатуға.

2.4.6. Орындаушыға 30 күнтізбелік күн бұрын жазбаша түрде хабарлама жібере отырып, шартты мерзімінен бұрын тоқтатуға/бұзуға.

3. ШАРТТЫҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Осы Шарт бойынша Орындаушы көрсететін қызметтердің бағасы _____

(жалпы соммасы не белгілі бір бөлігі екендігі нақты көрсетілуі тиіс)

3.2. Орындаушы қызмет көрсету міндеттемесін осы Шартқа Тараптар қол қойған күннен бастап _____ күнге дейінгі мерзімде жүзеге асырады.

Бұл ретте Тапсырыс беруші Орындаушыға көрсетілген қызметтердің мерзімі мен көлеміне барабар қызметтердің құнын төлей отырып *(Орындаушы өз міндеттемелерін толық орындағаннан кейін)*, Орындаушыдан өз міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауды талап етуге құқылы.

3.3. Төлемді Тапсырыс беруші осы Шарттың 10-бөлімінде көрсетілген деректемелерді пайдалана отырып, Орындаушының шотына ақшалай қаражатты аудару немесе Орындаушының кассасына ақша қаражатын салу арқылы жүзеге асырады;

3.4. Орындаушыға ақы төлеу нақты орындалған жұмысқа және орындалған жұмысты қабылдау (бекіту) туралы «АКТ»-ге сәйкес төленеді.

3.5. Орындалған жұмысқа әрбір ағымдағы ай үшін ақы төлеу (егер тараптар жалпы соманы әр айда бөліп төлеуге келіссе) орындаушының әрбір келесі айдың 05 (бес) күнінен кешіктірілмей тапсырыс берушіге алыс-беріс, өткізу-қабылдау «АКТ»-мен өткізгеннен кейін ақы төлеу жүргізілетін айдан кейінгі айдың 10 (он) күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

4. ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

4.1. Орындаушы осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 1 күннен кешіктірмей осы Шарт бойынша қызметтерді көрсетуге кіріседі.

4.2. Егер осы Шарттың 4.1-тармағында көрсетілген мерзімде Тапсырыс беруші Орындаушыға осы Шарт бойынша қызметтерді көрсету үшін барлық қажетті шарттарды ұсынбаса, Тапсырыс беруші осы міндеттемені орындағанға дейін Орындаушы қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға құқылы. Бұл жөнінде тапсырыс берушіге 1 (бір) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлауға тиіс.

4.3. Орындаушы жұмысты (қызмет көрсетуді) тапсырыс берушінің жазбаша тапсырмасында және/немесе осы шарттың қосымшасында көрсетілген нақты жұмыстарды орындауға міндетті және тапсырыс берушіге орындалған жұмысты тапсырыс берушімен бекітілген алыс-беріс, өткізу-қабылдау «АКТ»-не сәйкес тапсырады.

4.4. Егер осы Шарт бойынша қызметтерді Орындаушы осы Шарттың талаптарынан ауытқуларымен немесе басқа да кемшіліктерімен көрсетсе, не шартта көзделген мерзімде көрсетпесе, Тапсырыс беруші өз таңдауы бойынша Орындаушыдан мыналарды талап етуге құқылы:

4.4.1. Кемшіліктерді ақылға қонымды мерзімде тегін жою.

4.4.2. Осы Шартта белгіленген қызметтердің бағасын төмендету.

4.4.3. Шартты біржақты бұзуды және өзіне келтірілген барлық шығындарды өндіріп беруді талап етуге.

4.4.4. Егер орындаушы тапсырыс берушінің тапсырмасын орындамаған не тиісті түрде орындамаған жағдайда тапсырыс беруші орындаушының қызметіне (жұмысына) ақы төлеуден бас тартуға құқылы.

4.5. Көрсетілетін қызметті тапсырыс берушінің кінәсінен орындау мүмкін болмаған жағдайда, тапсырыс беруші орындаушының нақты шеккен шығындарын ғана өтеп беруі мүмкін (685-баптың 2-тармағы).

4.6. Орындаушы қызметтерді өзінің материалдарымен, күштерімен және қаражатымен орындайды.

4.7. Орындаушы шартты орындауға басқа тұлғаларды (қосалқы мердігерлерді) тартуға тек тапсырыс берушінің жазбаша түрдегі келісімімен ғана құқылы.

5. ҚҰПИЯЛЫҚ

5.1. Тараптар осы Келісімді дайындау кезінде, сондай-ақ орындау процесінде алмасатын ақпараттың құпия болып табылатынын, Тараптар үшін құнды және жария етуге жатпайтынын растайды.

5.2. Осы Келісім күшіне енген сәттен бастап Тараптар осы Келісімді іске асыру шеңберінде Тараптардың әрқайсысы алған кез келген ақпарат пен деректерді құпия сақтауға міндеттенеді.

5.3. Құпиялылықты сақтау міндеттемесі ақпаратты заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті органдарға беруге әсер етпейді.

6. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІ, ӨЗГЕРТУ, ТОЛЫҚТЫРУ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ КЕЛІСІМДІ БҰЗУ

6.1. Осы Шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанға дейін және/немесе шартта көрсетілген мерзімге дейін әрекет етеді.

6.2. Осы Шарттың қолданылу мерзімі жазбаша нысанда рәсімделетін және осы Шарттың екі Тарапы қол қойған Тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

6.3. Осы Шарттың ережелері жазбаша түрде жасалған және екі Тарап қол қойған келісім негізінде ғана өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

6.4. Осы Шартты мерзімінен бұрын бұзу Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша кез-келген негіздер бойынша алдын ала 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын орындаушыға жазбаша түрде хабарлама бере отырып жол беріледі.

6.5. Тапсырыс беруші Шартты бұзу күніне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын бұл туралы Орындаушыны жазбаша түрде хабардар ете отырып және Орындаушыға көрсетілген қызметтердің мерзімі мен көлеміне барабар қызметтердің құнын төлеу арқылы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

6.6. Орындаушы өз міндеттемелерін толығымен орындаған және алыс-беріс, өткізу-қабылдау «АКТ»-сін Тапсырыс берушіге өткізген жағдайда, бұзу күніне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Тапсырыс берушіні жазбаша түрде хабардар ете отырып, осы Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1. Тапсырыс беруші осы Шартта белгіленген Орындаушының қызметтеріне ақы төлеу мерзімін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден уақытында төленбеген соманың__% мөлшерінде, ал тапсырыс беруші Орындаушының әр кешіктірген күні үшін шарт сомасының__% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

7.2. Орындаушы Тапсырыс беруші ұсынатын қызметтер негізінде қабылданған шешімдер және олардың экономикалық салдары (оның ішінде ықтимал шығындар) үшін жауапты емес.

7.3. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл орындамау Шарт жасалғаннан кейін Тараптар алдын ала болжай алмайтын немесе болғызбайтын төтенше оқиғалардың нәтижесінде туындаған форс-мажорлық жағдайлардың салдары болса.

7.4. Форс-мажорлық мән-жайларға табиғи апаттар, өрттер, төтенше әлеуметтік оқиғалар (соғыс,

жаппай тәртіпсіздіктер және т.б.), оны қабылдаған мемлекеттік органдардың шешімдері немесе өкімдері сияқты Тараптар әсер ете алмайтын және олардың пайда болуына жауапты емес оқиғалар жатады. Мұндай жағдайда осы Шарт бойынша Тараптардың өз міндеттемелерін орындау мүмкін емес.

7.5. Орындаушы көрсетілген қызметтің (жұмыстың) сапасы үшін тапсырыс берушінің алдында жауапты болады.

7.6. Шарт талаптарын өрескел бұзу деп – тараптардың өз міндеттемелерін кез келген түрде орындамауы не тиісті түрде орындамауы танылады. Және мұндай жағдайда шарт келесі тараптың бастамасымен біржақты бұзылуы мүмкін.

8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

8.1. Осы Шартты орындау барысында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптармен келіссөздер арқылы шешіледі.

8.2. Егер Тараптар даулы мәселелер бойынша келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жіберіледі.

9. БАСҚА ШАРТТАР

9.1. Осы Шартта көзделмеген мәселелерде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

9.2. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан қазақ тілінде екі данада жасалды. Қолданбалар: N 1-қосымша. Осы Шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің тәртібі мен мерзімдері көрсетілген тізбесі.

10. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ МЕН РЕКВИЗИТТЕРІ

Тапсырыс беруші

Орындаушы

«Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік
университеті» мекемесі Түркістанқ-сы,
Б.Саттарханов даңғылы
№29 «В»
БСН: 990440008043
Кбе 16,
ЖСК: _____
БСК: HSBKKZKX
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Университет ректоры:
Ж.Темирбекова

(қолы)

Мекен-жайы: _____

ЖСН: _____
БСН: _____

(қолы)

Ректор кеңесшісі _____
(аты-жөні)

(қолы)